

Ашық акционерлік қоғамдардың жабық тәсілмен сатып алынған акцияларының қозғалысына бақылау жасау туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директорының 1999 жылғы 24 маусым N 351 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 13 қазандағы N 276 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді...

Төраға

*Бағалы қағаздар рыногы
мәселелері бойынша
Қазақстан Республикасының
кейбір нормативтік құқықтық
актілерінің күші жойылды
деп тану туралы" Қазақстан
Республикасының Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау жөніндегі
агенттігі Басқармасының
2004 жылғы 13 қазан
N 276 қаулысына қосымша*

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған
кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

2. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директорының "Жабық тәсілмен алынған ашық акционерлік қоғамның акцияларының жылжуына бақылау жасау туралы" 1999 жылғы 24-маусымдағы N 351 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін

мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 852 тіркелген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы бойынша нормативтік құқықтық және нормативтік актілері жинағында 2001 жылы жарияланған, III том)...

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы 26-бабының 5-тармағын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты

Қ а у л ы е т е д і :

1. Ашық акционерлік қоғамның жабық тәсілмен сатып алынатын акцияларын одан әрі өткізу олардың эмиссияларын мемлекеттік тіркеу талап етілмейтін мынадай жағдайлар айқындалсын:

1) оларды ашық акционерлік қоғамның құрылтайшылары арасында бастапқы орналастыру кезінде сатып алынған бастапқы эмиссияның акцияларын қоғамның бір құрылтайшысынан басқасына өткізу;

2) оларды тұлғалардың алдын-ала айқындалған шеңбері арасында орналастыру кезінде сатып алынған келесі эмиссиялардың акцияларын осындай тұлғалардың бірінен басқасына өткізу;

3) оларды тұлғалардың алдын-ала айқындалған шеңбері арасында орналастыру кезінде сатып алынған келесі эмиссиялардың акцияларын осы акцияларды оларды жоғарыда аталған заңның 28-бабының шарттарын сақтаумен қоғам сатып алған кезде эмиссиялаған осындай тұлғалардан қоғамға өткізу;

4) акцияларды осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілмеген үшінші тұлғаларға айрықша мына жағдайларда:

мұрагерлікке қалдыру кезінде;

соттың шешімі бойынша;

акциялардың меншік иесі - заңды тұлғаның құқықтық мирасқорына(ларына) оны қайта ұйымдастыру кезінде;

акциялардың меншік иесі - заңды тұлға таратылған кезде; жекешелендіру туралы заңдарға сәйкес акциялардың мемлекеттік пакеттерін с а т у к е з і н д е .

Ескерту: 1-тармақтың 4-тармақшасына өзгеріс енгізілді және 6-бөлікпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директоратының 1999 жылғы 14 қазандағы N 454 қаулысымен.

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан

қор биржасы" ЖАҚ-ның, Қазақстан Тізілім ұстаушылары Қауымдастығының (оларға осы Қаулыны өзінің мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасы және Заң басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) өздері эмиссиялаған акцияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізуді дербес жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың назарына жеткізу жөнінде барлық ықтимал шараларды қабылдасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы